



**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ серіктестеріне арналған
ынтымақтастық шарты
(Қосылу шарты)**

1 бөлім. Ынтымақтастықтың жалпы талаптары

1-бап. Негізгі ережелер

1. Осы «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ серіктестеріне арналған ынтымақтастық шарты (қосылу шарты) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 389-бабына сәйкес әзірленді және жасалады, осы шарттың күші «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ (бұдан әрі – Банк) мен шарттың талаптарына қосылған заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер арасында туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

2. Шарт мына жағдайларда жасалған болып есептеледі:

Серіктес интернет желісінде www.homecredit.kz мекенжайы бойынша Банктің веб-сайтында қосылу туралы тиісті өтініш ресімдесе және Банк электрондық байланыс арналары арқылы осы өтінішті қабылдап, Серіктеске өтініште көрсетілген электрондық мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап;

Серіктес қағаз нысанында қосылу туралы тиісті өтінішке қол қойса және Банк осы өтінішті қабылдап, Серіктеске өтініште көрсетілген электрондық мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап.

Partners@homecredit.kz электрондық мекенжайынан жіберілетін хабарламада серіктес атауы, серіктестің ЖСН/БСН, шарт нөмірі және оны жасасу күні, сондай-ақ басқа да қажетті ақпарат көрсетіледі. Шарт мерзімсіз болып табылады.

3. Шартта мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) Банк – «Хоум Кредит энд Финанс Банк» акционерлік қоғамының еншілес банкі (қысқартылған атауы – «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ);

2) шарт – Банк пен Серіктес арасында жасалатын осы шарт. Шарттың талаптарын Банк белгілейді және ол интернет желісінде www.homecredit.kz мекенжайы бойынша Банктің веб-сайтында жарияланады.

3) өтініш – Серіктес қағаз тасығышта немесе Банктің веб-сайты арқылы ұсынатын, Банк белгілеген нысандағы шартқа қосылу туралы өтініш. Серіктес Банктің веб-сайтында ресімдейтін өтініштерге ҰҚО ЭЦҚ арқылы қол қояды, қағаз нысанында ресімделетін өтініштерге Серіктестің уәкілетті тұлғасы қол қояды;

4) интернет-сайт – клиенттер тауарларды таңдай алатын өтініште көрсетілген интернет желісіндегі Банктің веб-парақшасы.

5) кредит шарты – клиент пен Банк арасында жасалатын кредит беру туралы шарт, сондай-ақ кредиттік досьеге кіретін өзге де құжаттар, оның ішінде өтеу кестесі;

6) кредит кеңесшісі – кредит шарттарын ресімдеуге уәкілетті Банктің өкілі;

7) клиент – Банктің клиентке кредит шартына сәйкес беретін ақша сомасы;

8) клиент – Серіктес сататын тауарларды сатып алатын жеке тұлға;

9) сатушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар – сатушыларға арналған кредит шарттарын ресімдеу және жасасу процестерін айқындайтын Банк бекітетін құжат;

10) мобильді қосымша – Банктің «Home Credit Bank Kazakhstan» мобильді қосымшасы, Android және iOS операциялық жүйелері үшін Google Play және AppStore дүкендерінен жүктеу үшін қолжетімді;

11) кредит кеңесшілеріне арналған орын – тараптардың ынтымақтастығы, оның шеңберінде Банктің кредит кеңесшісі сауда нүктесінде Серіктес ұсынған алаңда кредит ресімдеуді жүргізеді;

12) Серіктес – шартқа қосылған және клиенттерге тауарларды сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

13) Сатушы – клиенттермен кредит шарттарын ресімдеуге уәкілетті және шартқа 4-қосымшаға сәйкес тіркеу карталарында көрсетілген Серіктестің қызметкері;

14) байланыс талаптарындағы ынтымақтастық – тараптардың ынтымақтастығы, оның шеңберінде Банктің кредит кеңесшісі кредиттерді Банктің үй-жайында ресімдейді.

15) Банктің үй-жайы – кредит кеңесшілері кредит шарттарын жасасатын, сондай-ақ өзге де банктік қызметтер көрсететін Банктің бөлімшелері, филиалдары, бас кеңсесі және өзге де үй-жайлары;

16) тараптар – бірлесіп Банк және Серіктес деп аталатындар;

17) тапсырма талаптарындағы ынтымақтастық – тараптардың ынтымақтастығы, оның шеңберінде Серіктес тауарларды сатып алатын клиенттермен кредит шарттарын жасасу жөніндегі қызметті Банктің атынан, есебінен және мүддесінде жүзеге асырады. Серіктестің кредит шарттарын жасасуы және ресімдеуі Банк ұсынатын әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады;

18) сауда нүктесі – Серіктес тауарларды сататын дүкендер, кеңселер мен басқа да үй-жайлар. Өтініште көрсетілген нақты мекенжайды Банк сауда нүктесі ретінде тіркейді. Қосымша сауда нүктелері болған жағдайда екі Тараптың уәкілетті тұлғалары шартқа 3-қосымшаға сәйкес ресімделген сауда нүктелері тізімінде көрсетілген сауда нүктелері туралы деректердің дұрыстығын куәландырады;

19) тауар (қызмет) – Серіктес клиенттерге сататын/көрсететін тауарлар (оның ішінде ілеспе қызметтер)/жұмыстар/қызметтер;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

21) ҰҚО – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің жарамдылығын растайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы.

2-бап. Шарттың мәні

4. Шарт Банк клиенттерге кредит берген кезде туындайтын Банк пен Серіктес арасындағы қатынастарды, есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ кредит беру саласындағы ынтымақтастыққа қатысты өзге де мәселелерді реттейді.

5. Серіктес клиенттерге Банк ұсынатын кредит есебінен сауда нүктелерінде тауарларды сатуды қамтамасыз етеді.

6. Банк Серіктестен сатып алынған тауарды шарттың талаптарына сәйкес кредит шартында көрсетілген сома шегінде төлеуге міндеттенеді. Тауардың және (немесе) көрсетілетін қызметтің құнын төлеу өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Серіктестің шотына ақша аудару арқылы жүргізіледі.

7. Ынтымақтастық талаптары өтініште айқындалады. Өтінішті ресімдеу кезінде Серіктес өтініште көрсетілген ынтымақтастық нұсқаларының бірін таңдайды. Егер Серіктес бұрын келісілген ынтымақтастық талаптарын өзгертуді қаласа, Серіктес Банкке шартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ынтымақтастық талаптарын өзгерту туралы 2 (екі) данада жазбаша өтініш жібереді. Банк өтінішті 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды. Банк ынтымақтастық талаптарын өзгерту туралы өтінішті қабылдаған жағдайда тараптар жаңа талаптардың күшіне ену күнін келіседі, өтінішке Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды және өтініштің екінші данасы Серіктеске беріледі.

Егер Банк бұрын келісілген ынтымақтастық талаптарын өзгертуді қаласа, Банк Серіктеске шартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 (екі) данада ынтымақтастық талаптарының өзгергені туралы хабарлама жібереді. Серіктес хабарламаны 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды. Серіктес ынтымақтастықтың жаңа талаптарын қабылдаған жағдайда тараптар жаңа талаптардың күшіне ену күнін келіседі, хабарламаға Серіктестің уәкілетті тұлғасы қол қояды және хабарламаның екінші данасы Банкке беріледі.

Тараптардың бірі ынтымақтастық талаптарын өзгертуден бас тартса, тараптар ынтымақтастықтың одан арғы талаптарын келіссөздер арқылы келіседі.

8. Шарт шеңберінде тараптар өзара іс-қимылдың жекелеген талаптарын, процестер мен өзара есеп айырысу талаптарын және т.б. реттейтін келісімдер жасасуы мүмкін.

9. Кредит есебінен сатып алынған тауарларды қайтаруға және (немесе) кредит есебінен көрсетілген қызметтерден бас тартуға байланысты мәселелерді (дауларды) Серіктес пен клиент дербес шешеді. Клиенттің тауарды қайтаруы немесе айырбастауы не қызметтен бас тартуы немесе оны алмастыруы клиенттің кредит шарты бойынша міндеттемелерін орындауы жөніндегі құқықтары мен міндеттеріне әсер етпейді. Клиент Банктің кредиті есебінен сатып алынатын тауарды қайтарған не клиент Банктің кредиті есебінен көрсетілетін қызметтен бас тартқан жағдайда, Серіктес Банк аударған ақшаны қайтару сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей клиенттің кредит бойынша берешегін өтеу есебіне Банкке қайтарады және бұл туралы тауарды қайтарған/қызметтен бас тартқан күннен кейінгі күннен кешіктірмей Банкке хабарлайды. Банктің кредиті есебінен сатып алынатын тауарды құны төмен тауарға айырбастаған не Банктің кредиті есебінен көрсетілетін қызметті құны төмен қызметке алмастырған жағдайда, Серіктес тауарды/қызметті алмастырған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тауарлар/қызметтер құнындағы айырма сомасын Банкке клиенттің кредит бойынша берешегін өтеу есебіне қайтарады. Бұл ретте көрсетілген жағдайларда Банк Серіктестің пайдасына болашақ төлемдер есебінен қарсы талаптарды есепке алуды жүргізуге құқылы.

3-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері

10. Банк:

1) жаңа кредит өнімдерін енгізуге, мөлшерлемелер мен тарифтерді белгілеуге, сондай-ақ қолданыстағы кредит өнімдеріне, мөлшерлемелер мен тарифтерге өзгерістер енгізуге, бұл туралы ол пошта байланысы арқылы және/немесе Серіктес ұсынған электрондық мекенжайға хабарлама жіберу арқылы Серіктеске жазбаша нысанда хабарлайды. Жаңа кредит өнімдері, мөлшерлемелер, тарифтер және/немесе оларға енгізілетін өзгерістер Серіктеске хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн өткеннен кейін күшіне енеді;

2) Серіктес шартта белгіленген тауарды беру мерзімдерін бұзған жағдайда тауарға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді тоқтата тұруға құқылы. Клиенттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауардан және (немесе) көрсетілетін қызметтерден бас тартқан жағдайда Банк тауарға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді жүргізбейді;

3) Серіктестің алдын ала келісімінсіз шарт бойынша құқықтарды үшінші тұлғаға беруге;

4) кез келген уақытта жаңа кредит беруді/кредит шарттарын жасасуды тоқтата тұруға;

5) Серіктестен шарттың 7-тармағында көзделген ынтымақтастық талаптарын өзгертуді талап етуге;

6) Серіктестің телефон нөміріне Банк өткізетін уәждемелік бағдарламалар мен Банк өнімдері туралы ақпаратты жолдауға;

7) шартта және оның қосымшаларында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

11. Банк:

1) кредит шартында көрсетілген сома шегінде шарттың талаптарына сәйкес Серіктестен сатып алынған тауар үшін ақы төлеуді жүргізуге міндетті. Банк тауардың/қызметтердің құнын толық немесе ішінара төлеген күн Банктің шотынан Серіктестің шотына ақша есептелген күн болып табылады;

2) шартта және оның қосымшаларында көзделген өзге де міндеттерді тиісті түрде орындауға міндетті.

4-бап. Серіктестің құқықтары мен міндеттері

12. Серіктес:

1) Банктен шарт бойынша талаптардың тиісінше орындалуын талап етуге;

- 2) шарт бойынша тиесілі ақшалай қаражатты алуға;
- 3) ынтымақтастық талаптарын өзгерту туралы өтінішпен Банкке жүгінуге;
- 4) шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша Банкке client@homecredit.kz электрондық мекенжайы бойынша хабарласуға; хатта: Серіктестің атауы, басшының аты-жөні, ЖСН/БСН, қала, телефон нөмірі көрсетілуі керек;
- 5) шартта және оның қосымшаларында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

13. Серіктес:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және шарттың талаптарын сақтауға;
- 2) өтініште және/немесе Серіктестің сауда нүктелерінің тізімінде көрсетілген сауда нүктелерінде клиенттерге толық немесе ішінара құнын Банк төлейтін тауарларды және (немесе) қызметтерді сатуға; Серіктес өтініште және/немесе сауда нүктелерінің тізімінде көрсетілмеген сауда нүктелерінде шарт бойынша қызметті жүзеге асыруға құқылы емес;
- 3) тауарды клиентке кредит шарты жасалған күні беруге; Бұл талап тауарды беру үшін оны дайындау және (немесе) жеткізу, және (немесе) құрастыру және (немесе) орнату үшін және (немесе) қызмет көрсету үшін күнтізбелік бір күннен көп күн талап етілетін жағдайларға қолданылмайды. Көрсетілген жағдайларда тауар кредит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі. Тауарды беру және (немесе) қызметтерді көрсету үшін кредит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен астам мерзім талап етілетін өзге де жағдайларда тауар Серіктес пен клиент арасында жасалатын шарттарда айтылған мерзімдерде беріледі және (немесе) қызметтер көрсетіледі. Бұл ретте Серіктес Банкке тиісті талап келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей клиентке тауардың берілуін/қызметтердің көрсетілуін біржақты растайтын құжатты (жүкқұжат, клиенттің қолы қойылған тауарды қабылдау-тапсыру актісі/орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісі және т.б.) ұсынуға міндеттенеді;
- 4) Серіктеске шарт бойынша өз қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін фактілер туралы Банкке жазбаша түрде дереу хабарлауға;
- 5) Банк пен клиент арасындағы қатынастарға және Банк пен Серіктес арасындағы қатынастарға әсер етуі мүмкін барлық фактілер туралы Банкке хабарлауға;
- 6) шарт бойынша қызметті жүзеге асыруға байланысты қағаз тасығышта алған құжаттарды (тауардың сипаттамасы) кредит шарты жасалған сәттен бастап кемінде 5 (бес) жыл бойы сақтауға міндетті. Серіктес Банктен тиісті сұрау келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жоғарыда көрсетілген құжаттарды немесе олардың куәландырылған көшірмелерін ұсынады;
- 7) өз есебінен өз мүмкіндіктері шеңберінде сауда нүктесін көрсетілген сауда нүктесінде Банктің кредиті есебінен тауар және (немесе) қызметтер сатып алуға болатынын айқын етіп белгілеуге, сондай-ақ сауда нүктесінің ішінде және сыртында айқын көрінетін жерде Банк ұсынған жарнамалық материалдарды орналастыруға. Клиенттерге таратуға арналған жарнамалық материалдарды Серіктес клиенттерге қолжетімді жерлерде орналастыруға міндетті. Банкпен келісім бойынша Банк туралы ақпаратты Серіктес өзінің интернет-сайтында орналастыра алады;
- 8) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз Банк қызметтерін, сондай-ақ Банктің кредит беру талаптарын жарнамаламауға;
- 9) Серіктестің сауда нүктелері тізіміндегі барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ өтініште көрсетілген ақпарат туралы банктің Шартта көрсетілген электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банкке жазбаша нысанда дереу хабарлауға. Сауда нүктелерінің тізіміне енгізілген өзгерістер тараптар сауда нүктелерінің жаңа тізіміне қол қойған сәттен бастап жарамды болады (3-қосымша). Өтініште көрсетілген ақпараттағы өзгерістер Банк Серіктестен хабарлама алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін жарамды болады;
- 10) Банктің бағдарламалық қамтылымы мен деректерін үшінші тұлғалардың теріс пайдаланушылығынан қорғауды қамтамасыз етуге және үшінші тұлғаларға Банктің жазбаша келісімінсіз Банк ұсынған қол жеткізу құқығы мен кодтарын ұсынбауға;
- 11) Банктің банктік қызметін алуға қатысты клиенттердің шешімдеріне әсер ететін мүдделер қақтығысына жол бермеуге. Серіктес дау-жанжалды жою жөніндегі іс-шараларды келісу мақсатында мүдделер қақтығысына әкеп соғатын жағдайдың туындағаны туралы Банкке дереу хабарлауға міндеттенеді;
- 12) Банктен Шарт талаптарымен ақша қаражатын алу мақсатында Банкте ағымдағы банктік шот ашуға;
- 13) шартта және оның қосымшаларында көзделген өзге де міндеттерді тиісті түрде орындауға міндетті.

5-бап. Өзара есеп айырысу тәртібі

14. Комиссия төлеу талаптары:

- 1) Серіктестен сатып алынған тауардың құнын клиенттер үшін Банк төлесе және Тараптар Шартқа сәйкес осы міндеттеме жөнінде жеке келісім жасасқан жағдайда, Серіктес Банкке есепті кезең үшін Банктің Серіктеске нақты аударған сомасынан қаржылық қызметтер үшін комиссия (бұдан әрі — комиссия) төлейді.
- 2) Кредит өнімдерінің тізбесі, есепті кезең мен комиссия мөлшері тараптардың жеке келісімімен айқындалады. Мұндай келісім болмаған жағдайда Банкке комиссия төленбейді.
- 3) Комиссия сомасын есептеу үшін тараптар әрбір күнтізбелік айда төлемдер бойынша электрондық тізілімдер арқылы тауар құнын төлеу есебіне Банк жүргізген төлемдер бойынша салыстырып тексеруді жүргізуге міндеттенеді. Банк Серіктеске әр күнтізбелік айдың жиырмасындағы жағдай бойынша салыстыру актісін жібереді.

4) Серіктес әр айдың соңғы күніне дейін салыстыру актісіне қол қоюға және оны Банкке жіберуге немесе негізделген жазбаша қарсылықтарды ұсынуға міндеттенеді. Серіктес комиссияны ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей, Тараптар қол қойған салыстырып тексеру актілері мен Банктің шоты негізінде төлеуі тиіс.

5) Серіктес салыстыру актісіне қол қою мерзімін бұзған немесе осы тармақтың 4) тармақшасына сәйкес негізделген жазбаша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, Серіктес салыстыру актісіне қол қойған болып есептеледі.

15. Жеңілдік беру талаптары:

1) Тараптар жеке келісім жасасқан жағдайда Серіктес клиенттерге тауарларды тауар құнынан Банк үшін жеңілдікпен (бұдан әрі — жеңілдік) кредитке өткізеді.

2) Кредит өнімдерінің тізбесі, есепті кезең мен комиссия мөлшері тараптардың жеке келісімімен айқындалады. Мұндай келісім болмаған жағдайда Банкке жеңілдік берілмейді.

3) Банк Серіктеске қол қойылған келісімге сәйкес Серіктес ұсынған жеңілдікті ескере отырып, шарт талаптарына сәйкес кредитке берілген тауардың құнын төлейді.

2 бөлім. Тапсырма талаптарындағы ынтымақтастық

1-бап. Тапсырма бойынша жалпы талаптар

16. Өтініште тиісті белгі болған не Банкке жеке өтініш берілген жағдайда Серіктес тауарларды сатып алатын клиенттермен кредит шарттарын жасасу жөніндегі қызметті Банктің атынан, есебінен және мүддесінде жүзеге асырады. Серіктестің кредит шарттарын жасасуы және ресімдеуі сатушыларға арналған әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

17. Серіктес Банкпен бірге Банк атынан кредит шарттарын ресімдеуге жауапты сатушыларды анықтайды. Сатушылар туралы ақпарат шартқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген тіркеу карталарында көрсетіледі.

18. Әрбір тараптың уәкілетті тұлғалары сатушылардың тіркеу карталарында көрсетілген Серіктестің сатушылары туралы деректердің дұрыстығын куәландырады.

19. Серіктес өтініште және/немесе Серіктестің сауда нүктелерінің тізімінде көрсетілмеген сауда нүктесінде немесе тиісті түрде ресімделген тиісті тіркеу картасында көрсетілмеген сатушыны тарта отырып, кредит шарттарын ресімдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы емес. Осы тармақтың ережелері бұзылған жағдайда Серіктес Банк алдында Серіктестің тиісті емес сатушысы немесе өтініште және/немесе Серіктестің сауда нүктелерінің тізімінде көрсетілмеген сауда нүктесінде ресімделген әрбір кредит шарты үшін кредит, сыйақы, комиссия және есептелген тұрақсыздық айыбы сомасы мөлшерінде жауапты болады.

20. Серіктестің клиенттерді тарту бойынша, клиенттердің құжаттарының Банк талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру бойынша қызметтерді көрсету тәртібі, клиенттің өтініштері мен құжаттарының есебін жүргізу тәртібі, сондай-ақ клиенттердің құжаттарын Банкке беру тәртібі сатушылар үшін әдістемелік нұсқаулармен айқындалады.

2-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері

21. Банк:

1) Серіктеске мөлшерлемелер мен тарифтер туралы ақпаратты, операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелер мен басқа да құжаттарды, Серіктес шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін, оның ішінде клиент ұсынған құжаттардың Банк талаптарына сәйкестігін тексеру және клиенттерді банктік қызметтермен таныстыру үшін қажетті жарнамалық материалдарды ұсынуға міндетті. Осы тармақшада көрсетілген ақпарат пен құжаттарды Банк шарт жасасу кезінде қолма-қол және/немесе пошта байланысы арқылы және/немесе Серіктес ұсынған электрондық мекенжайға жібереді;

2) Клиент Серіктестен шарт талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес толтырылған барлық құжаттарды алғаннан кейін сатып алған тауарды шарттың 13-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарды ескере отырып, қабылдау-тапсыру тізілімі бойынша Банк көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті. Банктің құжаттарды алған күні оларды Банктің уәкілетті өкіліне немесе Банктің шартта көрсетілген мекенжайы бойынша Алматы қ. уақытымен 12:00-ге дейін берген күні болып табылады. 12:00-ден кейін алынған құжаттар келесі жұмыс күні алынды деп есептеледі. Банк шотынан ақшаны есептен шығарған күн Банктің тауар құнын төлеген күні болып табылады;

3) Серіктестің клиент құжаттарын Банкке беруі туралы клиентті электрондық байланыс (смс, телефон арқылы немесе банктің таңдауы бойынша өзге тәсілмен) арқылы құжаттар берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

22. Банк:

1) Серіктеспен келіспей, сатушыларға арналған әдістемелік нұсқауларға өзгерістер енгізіп, Серіктеске шарттың 10-тармағының 1-тармақшасында көзделген тәртіппен енгізілген өзгерістер туралы хабарлауға құқылы. Кредит шарттарын ресімдеу жөніндегі әдістемелік нұсқауларға өзгерістер енгізілген кезде, сондай-ақ маркетингтік іс-шараларды іске асырған кезде Банк Серіктестің сұрауы бойынша Серіктестің кем дегенде бір сатушысын жұмыс басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жаңа жұмыс жағдайларына қосымша оқытуды жүзеге асыруға міндетті.

3-бап. Серіктестің құқықтары мен міндеттері

23. Серіктес:

- 1) кредит шарттарын ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, шарттың және оған қосымшалардың талаптарын сақтауға;
- 2) Банктен кредит алғысы келетін және/немесе алған клиенттермен қарым-қатынас кезінде Банктің мүддесін білдіруге; Клиенттерге кеңес беру, кредит беру талаптары, кредит шарты және өзге де қажетті құжаттар туралы ақпарат беру сатушыларға арналған әдістемелік нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады;
- 3) кредит шарттарын Банк белгілеген нысан бойынша ғана және шартта көзделген тәртіппен Банктің тиісті мақұлдауын алғаннан кейін ғана ресімдеуге. Серіктес Банк белгілеген құжаттардың нысандарын шарттың мәніне байланысты емес мақсаттар үшін пайдалануға, сондай-ақ кредит шартына қандай да бір өзгерістер, қосып жазулар, өшірулер және өзге де түзетулер енгізуге (оның ішінде қолдан енгізуге) құқылы емес;
- 4) клиентке кредит шартын және кредит алу үшін қажетті өзге де құжаттарды ресімдеу кезінде жәрдем көрсетуге;
- 5) егер Серіктеске клиенттің қайтыс болуы немесе клиенттің төлем қабілеттілігіне (кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігі) әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлар мәлім болса, бұл туралы Банкке дереу жазбаша түрде хабарлауға және сатушылар үшін әдістемелік нұсқауларға сәйкес әрекет етуге;
- 6) өз есебінен өз мүмкіндіктері шеңберінде сауда нүктесін көрсетілген сауда нүктесінде Банктің кредиті есебінен тауар және (немесе) қызметтер сатып алуға болатынын айқын етіп белгілеуге, сондай-ақ сауда нүктесінің ішінде және сыртында айқын көрінетін жерде Банк ұсынған жарнамалық материалдарды орналастыруға. Клиенттерге таратуға арналған жарнамалық материалдарды Серіктес клиенттерге қолжетімді жерлерде орналастыруға міндетті. Банкпен келісім бойынша Банк туралы ақпаратты Серіктес өзінің интернет-сайтында орналастыра алады;
- 7) Банктің нұсқауы бойынша сауда нүктесін Серіктеске шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін техникалық құралдармен жабдықтауға;
- 8) Банктің талабы бойынша Банк айқындаған көлемде және тәсілмен Банкке клиенттермен келіссөздерді жүргізуге жәрдемдесуге;
- 9) тараптар қол қойған қабылдау-тапсыру тізілімі бойынша кредит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде шарттың талаптарына сәйкес келетін тиісті түрде толтырылған барлық құжаттарды Банкке ұсынуға. Көрсетілген талап кредит шарттарын электрондық нысанда ресімдеу (егер қолданылса) жағдайларына қолданылмайды. Құжаттарды, оның ішінде клиенттердің өтініштері мен құжаттарын бергенге дейін Серіктес олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Барлық қажетті деректерді қамтитын, дәлсіздіктері (қателері), түзетулері мен тазартып өшірулері жоқ тиісті сападағы құжат тиісті түрде толтырылған құжат деп есептеледі. Банк құжаттарды толтыру кезінде жіберілген кемшіліктерді Серіктеске көрсетуге құқылы. Серіктес барлық кемшіліктерді жоюға және түзетілген құжаттарды құжаттар қайтарылған күннен бастап күнтізбелік 28 (жиырма сегіз) күннен кешіктірмей Банктің уәкілетті өкіліне жіберуге міндетті. Серіктес әрбір жұмыс күнінің соңында жасалған кредит шарттарының тізімін 2 (екі) данада жасауға міндеттенеді;
- 10) мәліметтерді/ақпаратты/деректерді электрондық беру кезінде шартқа сәйкес әрекет етуге міндетті. Мәліметтерді/ақпаратты/деректерді электрондық түрде беруді жүзеге асыру тәртібі сатушыларға арналған әдістемелік нұсқауларда айқындалады. Серіктестің мәліметтерді/ақпаратты/деректерді электрондық беруге қойылатын талаптарды сақтамауы, сондай-ақ Серіктестің Банктің мәліметтерін/ақпаратын/деректерін немесе бағдарламалық қамтылымын шартты бұза отырып пайдалануы шартты елеулі түрде бұзу деп танылады;
- 11) сатушыларға арналған әдістемелік нұсқауларға сәйкес Банктің бағдарламалық қамтылымында клиенттердің өтініштерінің есебін жүргізуге;
- 12) есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей Банктің Akt_sverki@homecredit.kz электрондық мекенжайына мына ақпаратты жіберуге:
құжаттары Банкке берілген клиенттердің саны;
құжаттары Серіктестің қарауында болатын клиенттер саны.
Клиенттің өтініштерін Банктің деректерімен салыстырып тексеруді Серіктес шартқа 6-қосымшаға сәйкес мынадай мәліметтерді қамтитын салыстырып тексеру актісін жасау арқылы жүзеге асырады:
салыстырып тексеру актісінің жасалған күні және салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезең;
есепті кезеңде Серіктес Банкке құжаттарын ұсынған жеке тұлға-клиенттердің саны, Банкпен кредит шарттарын жасасқан клиенттердің саны бойынша, Банк құжаттарын қабылдамаған клиенттердің саны бойынша және құжаттары Банктің қарауында жатқан клиенттердің саны бойынша ақпарат.
Салыстырып тексеру актісін Серіктес айына 1 (бір) рет 2 (екі) данада жасайды және есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей төмендегі деректемелерде көрсетілген мекенжай бойынша Банкке келісуге және қол қоюға жібереді. Келісу қорытындылары бойынша салыстырып тексеру актісіне Тараптар есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей қол қояды;
- 13) Банктің банктік қызметін алуға қатысты клиенттердің шешімдеріне әсер ететін мүдделер қақтығысына жол бермеуге. Серіктес дау-жанжалды жою жөніндегі іс-шараларды келісу мақсатында мүдделер қақтығысына әкеп соғатын жағдайдың туындағаны туралы Банкке дереу хабарлауға міндеттенеді;

4-бап. Тапсырма талаптарындағы ынтымақтастық шеңберінде қосымша жауапкершілік

24. Серіктес 13-тармақтың 2) тармақшасында, 23-тармақтың 3) тармақшасында көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Серіктес Банкке әрбір бұзушылық үшін 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді. Серіктес осы бөлімде көзделген өзге де міндеттемелерді бұзған жағдайда, Серіктес Банкке әрбір бұзушылық үшін 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

25. Серіктес Шарттың 23-тармағының 9) тармақшасына сәйкес кредит құжаттамасын кредит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде тиісінше ресімдемеген жағдайда, Банктің кінәсінен болған жағдайды қоспағанда, Серіктес Банкке тиісті кредит шарты бойынша кредит сомасының 50 % (елу пайызы) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

26. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Банк Серіктестің және оның қызметкерлерінің осы Бөлім шеңберінде жасаған заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапты болады. Серіктес пен оның қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған Банктің кез келген құжатпен расталған залалдарын Серіктес Банкке толық көлемде өтейді.

5-бап. Ерекше талаптар

27. Серіктес Банкке Аутсорсинг шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындауға кедергі келтіретін кез келген болмай қоймайтын немесе туындаған мән-жайлар туралы, оның ішінде қауіпсіздікті бұзудың кез келген жағдайлары, электр энергиясын берудегі іркілістер, ақпаратты келісілмеген ашу туралы, сондай-ақ өзге де мән-жайлар туралы осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде хабарлауға міндеттенеді.

28. Серіктес Банкке Шартта көрсетілген электрондық мекенжайға тиісті электрондық хабарлама жіберу арқылы осындай өзгерістер орын алатын болжамды күнге дейін 15 жұмыс күні бұрын Банкпен жоспарланатын және онымен келісілген көрсетілетін қызметтердегі кез келген өзгерістер туралы хабарлауға міндетті.

3 бөлім. Байланыс немесе кредит кеңесшілеріне орын беру

талаптарындағы ынтымақтастық

1-бап. Тапсырма бойынша жалпы талаптар

29. Өтініште тиісті белгі болған не Серіктес Банкке жеке өтініш берген жағдайда, Банк кредит кеңесшілері арқылы Серіктестің тауарларын сатып алатын клиенттермен кредит шарттарын жасасуды жүзеге асырады.

30. Кредиттерді ресімдеу байланыс не кредит кеңесшілеріне орын беру талаптарында жүзеге асырылатын сауда нүктелерінің тізімін тараптар 3-қосымшаға сәйкес айқындайды. Өтініште көрсетілген сауда нүктесінде кредиттерді ресімдеу өтініште көрсетілген талаптарда жүзеге асырылады.

2-бап. Банктің құқықтары мен міндеттері

31. Банк:

1) Шарттың 13-тармағының 3) тармақшасында көзделген талаптарды ескере отырып, кредит кеңесшісі кредит шартын жасасқан сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күнінен кешіктірмей тауарға ақы төлеуге;

2) Шартты іске асыру мақсатында кредит кеңесшісі мен Серіктес персоналы арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндетті.

32. Банк:

1) Серіктеспен келісім бойынша сауда нүктесінің аумағында Банктің жарнамалық және ақпараттық материалдарын орналастыруға құқылы.

3-бап. Серіктестің құқықтары мен міндеттері

33. Серіктес:

1) кредит кеңесшісіне сауда нүктесінің жұмыс сағаттары ішінде сауда нүктелерінің үй-жайларына кіру рұқсатын шарттың талаптарын іске асыру үшін Банкке талап етілетіндей дәрежеде ұсынуға;

2) кредит кеңесшілеріне орын беру кезінде кредит кеңесшісін қалалық және қалааралық телефон желісіне, сондай-ақ өз есебінен Интернет желісіне қолжетімділікті ұсына отырып, тиісті жұмыс орнымен қамтамасыз етуге;

3) тиісті сауда нүктесінде байланыс талаптарындағы ынтымақтастық кезінде клиенттерге Банк үй-жайларының орналасқан жері туралы ақпарат беруге;

4) Банктің нұсқауы бойынша сауда нүктесін Банкке шарттың талаптарын тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін техникалық құралдармен жабдықтауға міндетті.

34. Серіктес:

1) тауарды Банктің кредиті есебінен кредит кеңесшісі қол қойған тауар сипаттамасын алғаннан кейін ғана сатуға құқылы.

4 бөлім. Басқа талаптар

1-бап. Құпиялылық

35. Банк Серіктеске оның талап етуі бойынша Шартқа сәйкес Серіктестің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды ұсынады. Барлық ұсынылған материалдар Банктің меншігінде қалады; материалдарда қамтылатын ақпарат коммерциялық құпия болып табылады. Шарт тоқтатылған жағдайда Серіктес барлық алынған материалдарды Шарт тоқтатылған күнге дейін Банкке қайтаруға міндетті.

36. Тараптардың Шарт талаптарын орындауы нәтижесінде Тараптарға белгілі болған кез келген ақпарат (клиенттердің дербес деректерін және кредит беру шарттарын қоса алғанда), оның ішінде «құпия», «жасырын», «коммерциялық құпия» ретінде тікелей белгіленген ақпарат, сондай-ақ Тараптар құпия деп тануы мүмкін және Шарт тарапына, оның филиалдарына, аффилирленген тұлғаларына жататын, басқа Тарапқа жазбаша, ауызша, электрондық немесе визуалды нысанда берілетін кез келген, төмендегі ақпаратты қоспағанда, өзге ақпарат құпия ақпарат деп танылады:

- жалпыға қолжетімді ақпарат;
- ақпаратты жария еткен кезде екінші Тарап оны пайдалану мен жария етуге қатысты қандай да бір шектеулерсіз заңды негізде алған ақпарат;
- Банкпен құпия ақпаратты жарияламау туралы міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғалардан шартқа Тараптар қол қойғаннан кейін екінші Тарапқа белгілі болған ақпарат.

37. Банк Серіктеске оның талап етуі бойынша Шартқа сәйкес Серіктестің қызметін жүзеге асыруы үшін қажетті материалдарды ұсынады. Барлық ұсынылған материалдар Банктің меншігінде қалады; материалдарда қамтылатын ақпарат коммерциялық құпия болып табылады. Шарт тоқтатылған жағдайда Серіктес барлық алынған материалдарды Шарт тоқтатылған күнге дейін Банкке қайтаруға міндетті.

38. Серіктес шартты жасасу және орындау барысында алған кез келген ақпарат (клиенттердің дербес деректерін және кредит беру шарттарын қоса алғанда) құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Серіктес: дербес деректерге, құжаттарға және клиенттердің өтініштеріне рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауға (оның ішінде Серіктеске клиенттердің дербес деректерінің материалдық тасығыштарын, сондай-ақ клиенттердің құжаттары мен өтініштерін қараусыз қалдыруға тыйым салынады); клиенттердің дербес деректеріне, құжаттары мен өтініштеріне рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін анықтауға; клиенттердің дербес деректеріне, құжаттары мен өтініштеріне рұқсатсыз қол жеткізудің қолайсыз салдарын барынша азайтуға бағытталған шараларды қолдануға, сондай-ақ клиенттердің дербес деректерін үшінші тұлғаларға ашудың ықтимал фактілері туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті.

39. Серіктес Банктің адвокаттарды, бухгалтерлерді, салық салу мәселелері жөніндегі мамандарды, аудиторларды және Банктің өзге де кәсіби кеңесшілерін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен Банктің байланысты тұлғаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде ынтымақтасатын тұлғаларға олардың негізделген сұрауы бойынша Серіктес туралы мәліметтерді/ақпаратты/деректерді ұсынуға құқылы екенімен келіседі.

40. Серіктес Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға тікелей уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды адамдарға ақпарат беруді қоспағанда, Банктің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

41. Серіктес құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді және мұндай ақпаратқа үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуіне жол бермеуге, сондай-ақ құпия ақпараттың көшірмелерін жасамауға және оны қандай да бір жолмен қайта жасамауға міндеттенеді.

42. Құпия ақпарат үшінші тұлғаларға келісілмеген түрде жария етілген жағдайда Серіктес ақпаратты жария ету туралы Банкке дереу хабарлауға міндеттенеді.

43. Осы баптың талаптары шарт тоқтатылғаннан кейін 5 жыл бойы өз күшін сақтайды.

2-бап. Тараптардың жауапкершілігі

44. Серіктес шарттың 13-тармағының 3), 6), 8), 9), 10) тармақшаларында, 4-бөлімінің 1-бабында көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Серіктес Банктің талабы бойынша Банкке әрбір бұзушылық үшін 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

45. Банк Серіктеске шартта көзделген сомаларды төлеу бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Банк Серіктестің жазбаша талабы бойынша Серіктеске мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ мерзімі өткен төлем сомасының 10% аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

46. Серіктес Шартта немесе оның шеңберінде жасалған келісімдерде көзделген сомаларды Банкке төлеу мерзімдерін бұзған жағдайларда, Серіктес Банкке мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ төленбеген соманың 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.

47. Егер тексеру кезінде сатылған тауардың және (немесе) көрсетілген қызметтің нақты бағасы кредит шартында көрсетілген бағадан төмен болса, Серіктес тауардың/қызметтің орнына клиентке тауардың құнын толық немесе ішінара қолма-қол ақшамен берген жағдайда, Банк Серіктестен Банкке тұрақсыздық айыбы ретінде кредиттің бүкіл сомасын, сондай-ақ тиісті кредит шартында көзделген сыйақы мен комиссияларды төлеуді талап етуге құқылы. Осы тармақта көрсетілген сомаларды қайтаруды Серіктес Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жүзеге асырады.

48. Банк пен Серіктес Серіктес немесе ол уәкілеттік берген тұлға тарапынан кредит шарттарын ресімдеу кезінде ықтимал алаяқтық фактілері анықталған жағдайда және бұл клиенттердің өтініштерімен расталған жағдайда, Банк Серіктестің сауда нүктелерінде кредиттер беруді біржақты тәртіппен бұғаттауға және/немесе шартты бұзуға, сондай-ақ мән-жайлар анықталғанға дейін кез келген жасалған кредит шарттары бойынша тауар/қызмет үшін төлем ретінде Серіктестің шотына ақша аудармауға құқылы екенімен келіседі, бұл туралы Серіктес шартта көрсетілген мекенжайға тапсырысты хат жіберу арқылы дереу хабардар етіледі. Сауда нүктелерінде кредит беру бойынша салынған бұғатты Банк сауда нүктесінің бұғатталу себептері жойылғаннан кейін алып тастайды.

49. Егер Банк төлеген тауарды/қызметті Серіктес шарттың 13-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде клиентке бермеген және (немесе) көрсетпеген жағдайда, Банк Серіктестен тұрақсыздық айыбынан басқа, тиісті кредит шарты бойынша одан алынған соманы Банкке төлеуді талап етуге құқылы. Осы тармақта көрсетілген сомаларды қайтаруды Серіктес Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жүзеге асырады.

